

**Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы № 210 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 4562 болып тіркелді. Күші жойылды – Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 82 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 22.12.2016 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Х сессияның төрайымы  
Аудандық  
мәслихаттың хатшысы*

*Л. Финк*

*Б. Бекенов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

Новошумный ауылдық  
округінің әкімі

\_\_\_\_\_ Ю. Клочко

Мәслихаттың  
2014 жылғы 27 ақпандағы  
№ 210 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный  
ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық  
жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары  
өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің Новошумный ауылының тұрғындарына	65
Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің Старошумный ауылының тұрғындарына	15

Мәслихаттың  
2014 жылғы 27 ақпандағы  
№ 210 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный  
ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық  
жиындарын өткізу қағидасы**

**1. Жалпы ереже**

1. Осы Қостанай облысы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Новошумный ауылдық округінің ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Новошумный ауылдық округінің аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Новошумный ауылдық округтің әкімі шақырады.  
Федоров ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешім

бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Новошумный ауылдық округі ауылының шегінде бөлек жиынды өткізуді Новошумный ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Новошумный ауылдық округі ауылының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Новошумный ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Новошумный ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Новошумный ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Федоров аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Новошумный ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.